

Р. Сманов\* , М. Исахан , А. Жақсыбаева 

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан

\*e-mail: SmanovPHD@gmail.com

## «АХУН» МЕН «ИШАН» ҰҒЫМДАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ТҮСІНІКТЕРІНІҢ ЛОГИКАЛЫҚ, СЕМАНТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Бұл мақалада ХVIII –ХІХ ғасырлардағы қазақ даласындағы Ахундар мен Ишандар институты туралы зерттелді. Зерттеудің алғы шарты болып Ахун, Ишан түсініктерінің мағынасы ашу болып айқындалды. Ахун мен Ишан сөздерінің шығу тегі, генезисі, семантикасы, этимологиясы, логикасы зерттелді. Бұл түсініктерге берілген әртүрлі анықтамаларды талдай келе, алатмыш сөздердің парсы тілінен енген болуы ықтимал екендігі туралы тұжырым жасалды. Діни лауазымды тұлғалар атауы: Хафиз, Муаддис, мухаддис, Муаззин, Молда, Пір, Әулие (–әнбие), Баб (бап, баба), Тақуа (Дәруіш), Диуана, Сопы (сұпы), Баксы (шаман), Хазірет, Қазы, Қажы, Қожа, Дамолла, Мүфтилермен Ишанның байланысты қырларына салыстырмалы талдау жасалды. Сондай-ақ, Ахун сөзінің этимологиясы мен түсіндірмелері талдана келе, оларды ерекше атақ лауазымға ие діни тұлға деп түсіндірген көзқарастар келтірілді. Нәтижеде, ишандар мен ахундардың болмысы туралы келесідей тұжырымдарға қолжеткізілді: 3-10 жыл бойы жетік діни білім алған адам; қоғамдық санада арнайы беделге ие болған тұлға, тіптен, кейде мүфтиден төменірек молладан жоғары мәртебеге ие болған. Ахундар мен Ишандар, олардың атқаратын қызметтері, тұлғалық болмысы, қоғамдағы ролі, алған білімі т.б. саралай келе, автордың өзіндік анықтамасы, сондай-ақ, олардың негізгі болмысы туралы нақты тұжырымдар мен қортындылар ұсынылды.

**Түйін сөздер:** ахун, ишан, ислам, дін, тұлға, қоғамдық түсінік.

R. Smanov\*, M. Isakhan, A. Zhaxybayeva, L. Issaeva

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan

\*e-mail: SmanovPHD@gmail.com

### Logical, semantic foundations of the concepts of “Ahun” and “Ishan” and their genetic concepts

This article studies the institution of Akhuns and Ishans in the Kazakh steppe in the 18th–19th centuries. The prerequisite for the study was to reveal the meaning of the concepts of Akhun and Ishan. The origin, genesis, semantics, etymology, and logic of the words Akhun and Ishan were studied. Analyzing the various definitions given to these concepts, it was concluded that these words probably came from the Persian language. The names of religious officials: Hafiz, Muaddis, muhaddis, Muazzin, Molda, Pir, Aulie (–anbie), Bab (bap, baba), Taqwa (Daruish), Diwana, Supy (supy), Baqsy (shaman), Hazret, Kazy, Khadzhi, Khoja, Damolla, Muftis, and the related aspects of Ishan were analyzed. Also, after analyzing the etymology and interpretations of the word Akhun, views were presented that interpreted them as religious figures with a special prestigious position. As a result, the following conclusions were reached about the nature of ishans and ahuns: a person who has received a thorough religious education for 3–10 years; a person who has a special authority in the public consciousness, sometimes even a higher status than a mullah, lower than a mufti. Analyzing the functions performed by ahuns and ishans, their personality, role in society, education received, etc., the author’s own definition, as well as specific conclusions and conclusions about their main nature, were presented.

**Key words:** Akhun, Ishan, Islam, religion, personality, public opinion.

Р. Сманов\*, М. Исахан, А. Жақсыбаева

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, г. Алматы, Казахстан

\*e-mail: SmanovPHD@gmail.com

### Логические, семантические основы понятий «Ахун» и «Ишан» и их генетических понятий

В данной статье рассматривается институт ахунов и ишанов в казахской степи в XVIII–XIX вв. Предпосылкой исследования было раскрытие смысла понятий ахун и ишан. Изучены происхождение, генезис, семантика, этимология и логика слов ахун и ишан. Проанализировав различные

определения, данные этим понятиям, был сделан вывод о том, что эти слова, вероятно, произошли из персидского языка. Проанализированы имена религиозных деятелей: Хафиз, Муаддис, мухаддис, Муаззин, Молда, Пир, Аулие (-анбие), Баб (бап, баба), Таква (Даруиш), Дивана, Супы (супы), Баксы (шаман), Хазрет, Казы, Хаджи, Ходжа, Дамолла, Муфтис и связанные с ними аспекты ишана. Также, проанализировав этимологию и толкования слова Ахун, были представлены взгляды, трактующие их как религиозных деятелей, имеющих особое престижное положение. В результате были сделаны следующие выводы о природе ишанов и ахунов: человек, получивший основательное религиозное образование в течение 3-10 лет; человек, имеющий особый авторитет в общественном сознании, иногда даже более высокий статус, чем мулла, ниже муфтиса. Проанализировав функции, выполняемые ахунами и ишанами, их личность, роль в обществе, полученное образование и т. д., были представлены собственное определение автора, а также конкретные выводы и заключения об их основной природе.

**Ключевые слова:** Ахун, Ишан, Ислам, религия, личность, общественное мнение.

## Кіріспе

Барлық дін мен діни сенім құрылымында да қоғамдағы әлеуметтік қабаттар сияқты өзіндік мәртебесі мен дәрежесі бар тұлғалар тағайындалған. Ол барлық діндер мен діни сенімдерге ортақ бола отырып, сол діннің өмір сүруі мен сақталуының, насихатталуы мен таралуының иделогтары қызметтерін атқарған. Бірақ ол титулдардың барлығына ортақ атау – діни айтулы тұлға немесе діни тұлға болғанмен, оларды діни қызметкерлер деп те атайды. Діни қызметкер қазіргі таңда бұл атауларға сай келе бермейтін түсінік. Діни қызметкердің ешқандай да титулы болмауы мүмкін немесе ол жоғары атақтарға ұмтылып бара жатқан адам емес болуы ықтимал. Ислам дінінде ерекше мәртебеге ие болған тұлғалардың атаулары әр қилы болып келеді. Соның бірі Ахундар мен Ишандар. Олар ХХҮІІІ-ХІХ ғасырларда қазақ даласына кең тараған бұл институт қоғамда көптеген қызметтер атқарған. Олар әсіресе Орта Азия қазіргі Өзбекстан жерінде білім алған айтулы діни тұлғалар еді. Ахундар мен Ишандар институтын зерттеу үшін алдымен олардың атауларына тоқталып логикалық семастикалық талдаулар жүргізу қажеттігі туындайды.

## Тақырып таңдаудың дәйектелуі, мақсаты мен міндеттері

Қазіргі таңдағы діни рухани саланы зерттеу оның еліміздегі көріністерін зерделеу, өзекті мәселелердің біріне саналып келеді және тереңірек сараптауды қажет етіп отыр. ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы Қазақстандағы діни келбет Ахундар мен Ишандардың қызметіне байланысты болған. Бұл мәселені түбегейлі зерттеу алдымен Ахун және Ишан ұғымдары жеке-жеке қарастыруды қажет етеді. Яғни, Ахун мен Ишан ұғымдары қандай мағына береді. Бұл атаулар арқылы олардың

қызметтері қалай ашылады. Бұл түсініктердің басқада діни тұлғалармен арақатынасы қандай деген сауалдарды қарастыру маңызды болып отыр. Сайып келгенде бұл тақырып Қазақстандағы ислам дінінің таралуының орнығуының тарихи негіздерінің белгілі бір кезеңін анықтап алуды қажет етумен байланысты болып шығады. Аталған тақырыпты Қазақстандағы ислам дінінің тарихи эволюциясы ретінде объективті тұрғыдан қарастыру, Ахундар мен Ишандар түсінігінің мағынасын ашу біздің негізгі мақсатымыз болып табылады және осы орайда мынадай міндеттерді ұсына аламыз:

- Ислам дініне қатысты діни тұлғалардың негізгі мәртебесін, қызметтерін анықтау;
- Ахун және Ишан түсініктерін жеке дара бөліп алып концеп ретінде саралау, логикалық, семастикалық мазмұнын ашу ;
- Аталған ұғымдарды зерттеушілердің пікірлерін саралай келе өзіміздің анықтамамызды ұсыну;
- Ахун мен Ишан ұғымдарын ислам дініндегі басқада дін тұлғалармен арақатынасын ашу.

## Зерттеу әдіснамасы

Дін танудағы феноменологиялық талдау, лингвистикалық сараптама, логикалық семастикалық мағынаны ашу әдістері қолданылды. Концептуализация, ұғымдарды сөз ретінде бөліп алып абстракциялау, жалпылау жалпыдан жекеге өту салыстыру, т.б логикалық операциялармен қатар. Тарихилық, дәстүршілдік қағидалары және ретроспективті талдау әдіснамасы пайдаланылды.

## Негізгі бөлім

Энциклопедиялық сөздіктерге жүгінсек: «Ишан халық арасында сауат ашу, ғибатад айту қызметін атқарып жүрген діни сауатты адамға

берілетін діни атақ. Ишан қазы, имам тәрізді лауазым болып саналмайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында, әдетте, ишанның дәріс беретін белгілі бір ауылдары болған. Ишанның міндеті өзінің қарамағындағы ауыл тұрғындарының діни сауатын ашу, шамасы келгенше, діни ғұрыптарды атқару. Еңбек ақысы ретінде ауыл тұрғындары ишанды мал, азық-түлік және ақшамен қамтамасыз ететін болған. Әрине, ишан болу молдалардың дүниеге деген мұқтаждығынан туған іс емес, ишандықтың негізін Алла Тағаланың ризалығы үшін халыққа дінді, ақиқатты үйрету мақсатындағы адал ниет құрайды. Ишан болу атадан балаға өтетін мұрагерлік іс десе болады. Себебі, әкесі дүниеден өткен жағдайда, оның қарамағындағы ауыл тұрғындарының діни мұқтажын өтеу баласының міндеті болып есептелген. Қазақ арасындағы атақты ишандардың көпшілігі өз міндеттеріне дәстүр жалғастығы ретінде қараған. Дүниеден өткен ишанның ұл баласы болмаған жағдайда, ауыл тұрғындары діни сауаты бар, халықтың сенімін ақтайтын басқа бір кісіге ишан болу мәселесін кескен. Қазіргі уақытта ишандық қызметті ауыл молдалары атқарады».

Бұл атаулар біздіңше, діннің құрылымы, мазмұны, табиғаты, өзгеруі, аймақтық ерекшеліктері т.б. байланысты туындаған концепттер емес, қолдану аясының кеңейіп, жалпы қазақ тілінің сөздік қорына енуімен де байланысты. Бұл сөздер XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдеби жазбаларда көбірек кездеседі және тек діни мәтіндер мен діни құбылыстарға қатысты айтылады.

Ендеше, мәселе, ахундар мен ишандар қызметі мен болмысын басқа да діни түсініктер атқарған болуы ықтимал. Егер де логикалық конструкция жасасақ, басқа көптеген діни тұлғаларға қатысты ұғымдар және олардың субъектілері атқарған болуы ықтимал немесе кейбір қасиеттерін басқа бір құбылыс, ал кейбір қызметтерін басқа бір діни өкілдер атқарған болуы мүмкін.

Осыған байланысты, қазақ халқындағы, оның ішінде, мұсылман дініне қатысты ерекше тұлғаларға қатысты ұғымдар мен түсініктерге де шолу жасап өтетін боламыз және бұл біз қарастырып отырған ишан мен ахун сөздерінің логикалық-семантикалық мағынасын ашып беруге мүмкіндіктер береді, сондай-ақ, келесі кезекте оның қызметтерін де саралауға алғышарт болады. Яғни, мынадай екі антиномиялық тезисті негізге аламыз: ахун және ишандар бұрын да болған, бірақ басқа атаулармен берілген болуы мүмкін – ахундар мен ишандардың басқа дін иелеріне мүлде ұқсамайтын өзіндік болмысы бар.

Сондықтан да, қазіргі таңдағы отандық ғалымдарымыз бен дінтанушыларымыз да «Ишан» мен «Ахун» ұғымдарын әр түрлі бағдарда түсіндіріп өтеді. Р. Сманов пен М. Исахан сөздің этимологиясын былайша көрсетеді: «Ишан» парсы тілінде «олар» деген мағынаға саяды. Шағатай тілінде «ишан» дегеніміз – «әулие» ұғымын білдіретін немесе тариқат көсеміне берілетін атау» (Сманов, Исахан, 2021: 182-186).

Сонымен қатар, ишан мен ахун әрине, туыстас, мағыналас ұғымдар болғанмен, оны анықтау барысында екеуін жеке-жеке қарастыру қажеттігі де туындайды. Сондықтан, алдымен ишан сөзінің семантикалық-логикалық мағынасына тоқталып өтуіміз керек-ақ.

Сөздіктерде: «Ишан – мұсылмандық ортада имандылық, тәрбиелік қасиетті үйрететін иләһи білім деңгейі барынша жоғары, һәм сопылық жолды насихаттайтын мәртебелі тұлға. Парсы тілінен аударғанда, «олар», олардың шапағаты», «мейірімі» деген мағынаны береді», – деп оны парсы тілінен енген сөздер ретінде де көрсетеді (Қазақтың этнографиялық сөздіктері, 2017b).

Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер оның тарихи негіздері мен шығу тегін былайша ұсынады: «Ал ишан атауының тарихи-хронологиясына мән берсек, зерттеушілер бұл терминді алғаш рет Бахауаддин Нақышбанди (1318-1389) мен Хожа Ахрарға (1404-1489) қатысты тазкийя жанрында жазылған әдебиеттерде кездестіретінін айтады. Кейін ишан атауы Орталық Азияда кеңінен қолданысқа ене бастады. Әсіресе, Ясауи және Нақышбанди тариқатының жер-жердегі көшбасшыларын ишан деп атайтын. Мысалы, Ясауи тариқатының Қырғызстанның Ош өңіріндегі көшбасшылары XVIII ғасырдан бері ишан деп аталады» (Сманов, Исахан, 2021: 184).

Н.Б. Мансуров осы Ишан сөзінің мағынасына тереңірек үңіліп, мынадай тұжырымдарын ұсынады: «Тілімізде кең қолданыс тауып келетін әрі кез келген қолданысы сырға толы кірме сөздің бірі – ишан. Ишан парсы тілінде – ушә – ана кісі, у – ол кісі, т.б. мағыналарында келеді. Бұл көне замандарда ұлық билеушілерге көрсетілген құрмет ретінде қолданылған. Бір қарағанда сөздің аса бір мағыналы екендігін көре алмаймыз. Алайда заманына орай оның мағынасы мен қолдану аясы кең көлемді қамтығандығын анық көреміз... Расында, сөздің алғашқы қолданысы осы ел билеуші, жоғары лауазымды кісілерге құрмет көрсету мағынасын басшылыққа алған. Алайда ол бертін келе дін басылардың атақты адамдарына да қолданылуы қалыптаса бастаған.

Өйткені ел билеушілер мен дін басыларға да көнеде аса ерекше құрмет көрсетілген. Бұл ретте қатынастық өлшем дәрежесі біркелкі болған.

Сөз жоқ, алғаш ишан сөзі – ұлы, қаған, шейх, хан, т.б. ел билеушілеріне көрсетілген құрмет, мәртебелі есім мағынасында жұмсалған. Себебі көне замандарда билеушілер өздері қол астындағы аймақтарды басқаруда жергілікті жердің өкілдері не болмаса өздері тағайындаған өкілеттіліктері, атқарушылары болған. Осы өкілдікке ие болғандар өздерін сайлаған ұлық задалардың атымен, яғни сол билеуші кісілердің атынан билік жүргізген. Олар кез келген сәтте солардың атын жамылып, әмірлерін, бұйрықтарын жүзеге асырған. Ең бастысы, аймақтарда осылайша ел басқарғандар өз билеушілерінің берген үлкен құрметтерінің арқасында тіпті олардың есімдерін де атамайтын болған. Міне мұндай билеушілік сол аймақтың билерін «ишан-ишандар» деп атаған ... Алғашқыда осы мағынада қолданылған ишан сөзі кейіннен кісі есімдеріне тіркесе бастаған. Нәтижесінде, еркін қолданыс тапқан мұндай сөз жеке дара қолданылып, тілдік айналымға еніп кеткен. Осы сияқты мысалдарды тарих беттерінде көптеп кездестіруге болады» (Мансұров, 2016: 213-214).

Ал, Н. Оңдасынов: «Дін басыларының жоғарғы атақтарының бір атауы дей келе, ишан – олар деген сөз. Содан дін басыларын құрметтеу ретінде «олар» деп атап кеткен» деп түсіндірсе (Оңдасынов, 1974: 37), Ә. Әбдімомынов: «Ишан парсы сөзі – ол кісінің өкілі, атынан әрекет етуші. Әбу Бәкір ас-Сыддық Суфа сахабаларының рухани ұстазы, қамқоршысы, барлық амалдарда Мұхаммед Пайғамбардың ісін жалғастырушы болды. Хазіреті Саламан Фарси оның хулафасы, яғни Суфа сахабалары арасындағы орынбасары, ишаны қызметін атқарды», – деп пайымдаса (Әбдімомынов, 2011: 11), Н.Б. Мансуровтың түсіндірме сөздігінде: «Ишан (ишан). ир. 1. Олар (көп ретте бір адамға байланысты) 2. Оларды (сөз тіркесінде анықтауыш мағынасында). Діни тұрғыда ишан – діни лауазым деген түсінік те бар (Мансұров, 2013: 32) екендігі айтылады.

Ишан сөзінің лексикалық-семантикалық мағынасын талдаған Н.Б. Мансуров әрі қарай мынадай деректерді келтіреді: «Бұл сөз тілімізге кіргенде неге бастапқы мағынасынан ажырап кеткен деген сұрақ ирантанушылар арасында бұрыннан айтылып жүретін. Өткен жылы Иранның Шахид Бехешти университетінде өткізген ғылыми іссапар барысында әйгілі «Эсрар-оттоуһид» кітабынан бұл сұрақтың жауабы табылды. Осы кітаптың Тегеранда «Агаһ» баспасынан

1367/1988 жылы шыққан нұсқасының 16-бетінде төмендегі жолдар бар...Шейх-э ма, һәргез хиштән «мән» вә «ма» нәгофте әст. Һәр коджа зекр-э хиш кәрде әст, гофте әст: «ишан» ченин гофте-әнд вә ченин кәрде-әнд )...Осыайтылған ұғымға сәйкес тұжырымды В.В. Бартольд та келтіреді: Ишан – персидское местоимение 3 лица мн. числа. Слова употребляется в Туркестане в значении шейх, муршид, уstad, пир (учитель, см. Derwish, EI, I, S. 990), в противоположность мюриду (последователь, ученик)» Нәтижесінде, Ишан сөзінің негізінен алғанда, парсы тілінде қолданыста болғанмен, қазақ тіліне ауысқаннан кейін де өзінің мағыналық өзгерістер бойынша түрленгендігін атап өтеді (Мансұров, 2016: 214).

3. Ибадуллаеваның пікірінше де: «Ишан парсы тілінен аударғанда, «олар», «олардың қайырымдылығы», «шапағаты» деген мағынаны білдіреді. «Ишан» Орта Азия терминінде «Ишон», «эшон» деп аталып, ол қасиетті және құрметті дін иелеріне берілген титул болып табылады» (Ибадуллаева, 2008: 5).

Жоғарыдағы келтірілген, ишан сөзінің шығу тегі мен этимологиясына, логикалық-семантикалық талдауларын негізге ала отырып, мынадай қортындылар жасауымызға болады:

1. Ишан сөзі, әрине, парсы тілінен енген болуы ықтимал, бірақ соңғы кездегі кейбір көзқарастар бойынша, керісінше, кезіндегі түркі сөздері, көне шумер, зороастрлық дәуірлерде парсы тіліне енген болуы да ықтимал. Кейбір зороастрлық мәдениетті арғытүбі түркілік мәдениетпен байланысты деп қарастыратын көзқарастарды негізге алсақ (Еңсегенұлы, 2018: 456), бұл да әбден мүмкін.

2. Ишан сөзі парсы тілінен енген деген нұсқаны мақұлдасақ, онда оның да дыбысталуынан басқа, семантикалық жағынан да мазмұны біршама өзгерістерге ұшыраған тәрізді. Өйткен, ишан діни лауазым ретінде орныққан және құндылық ретінде бағаланып, арнайы титул ретінде қоғамдық санада айтарлықтай беделге ие болған. Немесе, дыбыстық өзгеріске ұшырап, айтылуы басқаша мағынаға ие болған тәрізді. Нақтырақ айтқанда, парсы тілінен енгеннің өзінде де, мағынасы бастапқыдан ауытқып, өзгеріске түскен деген сөз.

3. Көне дәуірлерде, кейінгі орта ғасырдағы ислам дінінің ықпалымен қазақ жеріне де араб, парсы сөздерінің енгендігін көпшілік ғалымдар жоққа шығармайды. Дегенмен, біздің зерттеуіміздің негізге мақсаты оның қызметі мен мазмұнына қатысты болғандықтан, сөздер көп жағдай-



да бастапқы мағынасынан алшақтауы да мүмкін екендігін ескерсек, онда ишан сөзінің эпистемологиясымен қатар, оның концепт ретіндегі мағынасын ашу қажеттігі туындайды.

4. Ишан сөзінің шығу тегі негізінен алғанда, оның қоғамдағы қызметі мен әлеуметтік мәртебесі арқылы анықталатындықтан, келесі бөлімде, ишандардың қызметін толығырақ ашып көрсетеміз.

Бұл жоғарыда айтылғандай, басқа да ислам діні мен қазақи дәстүрлі танымдағы дінге қатысты айтылатын тұлғаларға байланысты және олармен аражігін, байланысын, туыстық қатынасын ашу бойынша да біршама қиындықтар туғызады. Ол үшін жоғарыдағы көрсетілген діни атақтар мен атаулармен Ишанның арақатынасын тікелей ашып беруіміз керек. Бірақ та, кей-

бір зерттеулерде, олардың көпшілігін синомдес, мағыналас, изоморфты деп қарастырады: «И.И. Гейердің пікірінше қазақ даласындағы рулар «ишан» және «қожа топтарын» өздерінше пірге балап, оларды бір біріне ұқсас деп қабылдады. Себебі, ірі ишандар қожа тобынан шыққан. .. Олардың айтуынша бір рулы елді 1-2 үй қожа болса, оларды «пір» санап, құрметпен қараған...» немесе: «Ал қазақ даласының басқа аймақтарында ахундар, хазірет, мүфти, кейде ишан атауларымен аталды» (Ибадуллаева, 2008: 5).

Осыған орай, біз жоғарыдағы келтірілген мағлұматтарымызды негізге ала отырып, басқа діни мәртебелі тұлғалардың өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері және олардың ишандарға қатынасын мынадай кесте бойынша жинақтап ұсындық.

Діни лауазымды тұлғалар атауы	Негізгі тұлғалық болмысы мен ерекше қасиеті	Ишанмен байланысты қыры
Қари (қарилер)	Құран мәтінін тұтастай жатқа айту	Біледі, бірақ жатқа айтуды мақсат етпейді
Хафиз	Жатқа біліп оның өзгеріске түспеуін қадағалаушы, кейде тәфсірлеуші	Арнайы тәфсірмен шұғылданбайды, бірақ мәтін мазмұнын терең меңгерген
Муаддис, мухаддис	Хадис білгірі, хадис ғалымы деп те атайды	Хадистерді де толық меңгерген, бірақ оны ғылыми дәйектеумен айналыспайды
Муаззин	Азаншы, азан шақырушы адам	Азан шақырушыдан жоғарырақ тұрады
Молда	Қазақи танымда діни қызметкердің жалпылама атауы, діни уағызшы	Молданың қызметтерімен арнайы шұғылданбайды, кейде ауызекі тілде сәйкес
Пір	Сопылықтағы аса жоғары тұрған мәртебелі тұлға, ұстаздық етуші	Ұстаздықпен де шұғылданады, пірге қарағанда көпқызметті
Әулие (-әнбие)	Қайтыс болғаннан кейін де аруағы мен рухы желеп жебеп жүретін тылсымдықты иеленген тұлға, көбіне исламға қатысты айтылады	Әулиенің қасиеттеріне де ие болған жан, бірақ діни мәртебесі одан жоғары емес немесе теңдесе алады
Баб (бап, баба)	Тарихи атау, дегенмен, діни мәртебесі аса жоғары адам, тылсым күш иесі	Баба деп айтылғанмен, баптардан жоғары емес, немесе, теңдес немесе, тарихи атауға байланысты қолданыста еместіктен баб деп аталмайды
Тақуа (Дәруіш)	Дінге аса берілген, діни білімінің мөлшері белгісіз, бірақ ең бастысы аскеттік өмір кешеді	Аскеттік өмір сүруді мақсат етпейді, аса ірі бай болуды да көздемейді
Диуана	Арнайы киім үлгілері бар, аскеттік жан иесі, көбінесе жалғыз жүреді, ел кезуші: жағымды және жағымсыз мағынасында	Арнайы киім үлгісі болмаса да, қарапайым киім үлгісін таңдайды, ел кезіп жүруді мақсат етпейді
Сопы (сұпы)	Суфизм бағытын терең меңгерген жан иесі, олар да материалдық жағынан қанағатшылықты қолдайды, зікір салумен айналысады	Бастапқыда суфизмнен шыққан, кейіннен нақшбандия және басқа да діни бағыттарда білім алған
Бақсы (шаман)	Шамандық өкілі, болашақты болжаумен, ауруларды емдеумен шұғылданатын тылсым күш иесі	Зікір салмаса да, әр түрлі ғажайыптар жасап, кейбірі адам емдеп, ерекше қасиеттерге де ие болған
Хазірет	Қажылық сапарда немесе мұсылман елдерінде дінді жетік меңгергеннен кейінгі берілетін атау	Хазірет атанса да, ишан деген атауы қатар қолданыста болады

Діни лауазымды тұлғалар атауы	Негізгі тұлғалық болмысы мен ерекше қасиеті	Ишанмен байланысты қыры
Қазы	Шариғат заңдарын, оның ішінде фикһты өте жақсы меңгерген, ел билігіне, әсіресе, сот билігіне араласып, әділдігін айтатан адам.	Қазымен салыстыруға келе бермейді, ишан да билік айта алады, бірақ ол тек қана төрелік айтумен шектелмейді
Қажы	Меккеге қажылық сапарға барып қайтқан адамға берілетін атау	Ишан да қажылыққа баруы ықтимал, бірақ оған қажылыққа барып келу руханилыққа өрлейтін саты ретінде қойылмайды
Қожа	Генетикалық жағынан араб тектес рудың түрі және дінді уағыздау қызметін баса атқарушылар	Дінді уағыздау барысында, арнайы ресми түрде діни білім беретін адам
Дамолла	Діни ұстаздардың, діни білім берушілердің атауы, әрине, ол үшін діни білімі жетік болуы шарт	Арнайы дамолла деген атақты алмаса да, діни білім беру, сауат ашу, ағарту жұмыстарына қатысады, тіпті саясатқа да араласатын болған
Мүфти	Діни лауазым, оның ең жоғарғы шені бас мүфти	Ол да мүти, бас мүфти бола алады

Демек, Ишан – Дамолла, әулие, молда, хазірет, қажы, мүфти т.б. атауларға ие болып қатар немесе балама ретінде де қолданыла беруі мүмкін, бірақ ғылыми, ресми діни танымда емес, көпшілік қоғамдық санада, ауызекі тілде.

Ишан ұғымына жуықтайтын, бірақ екеуі парапар бола алмайтын діни түсініктердің бірі ахун сөзі ишанға қарағанда сиректеу қолданылады. «Ахун – (мұсылмандық діни лауазым, болушы ұстаз парсыша) 18 ғасырдың 2 жартысынан бастап, қазақ даласында қолданылған діни лауазым. Орта Азияны билеген Бұқар хандығының тұсында ислам ғұламаларының ең жоғары лауазымы болды. 1860 жыл Лев Толстойдың қабылдауында болған қазақ мүфтиі Уәйіс ғұламаның екінші лауазымы Ахун. Мүфтидің шариғат негізінде айтылған фатуасы Ахунның келісімінсіз жүзеге асырылмаған. Қазіргі кезде Ахун деген діни лауазымның орнына Найб мүфти лауазымы ендірілген». (Қазақстан: ұлттық энциклопедия, 2001: 103). Бұл тұста, «екінші лауазымы» деп берілген анықтауды, «тағы бір лауазымы» деп түсінгеніміз дұрыс сияқты.

Ал кейбір зерттеушілер Ахун түсінігін диалект, түркімендерден енген немесе түркіменстан қазақстарындағы қолданылатын сөздер деп түсіндіреді: «Ахун (Түрік.Таш., Көнеүр.) діни сауатты адам. Үстімізге келген кісі үлкен ахун болып шықты (Түрік.Таш.)» (Диалектологиялық сөздік, 2007: 427).

Өзінің шығармаларында 18 800 сөз қолданған Абайдың тілдік қорында да ахун, ишан сөздері кездеспейді, сондықтан да, оны диалект ретінде қабылдамасак та, бастапқыда белгілі бір аймақтағы қазақтар қолданатын сөз болуы, кейіннен, өзінің қолданылуы аясын жалпыха-

лықтық лексикалық қорға айналған болуы да мүмкін.

Этнографиялық сөздіктерде былайша анықтама берілген: «Ахун – мұсылмандық ортада дінге баулитын мәртебелі, беделді тұлға. Ал парсы тілінен аударғанда, «үйретуші», «ұстаз» деген мағынаны білдіреді» (Энциклопедия, 2017а: 374). «Ахун діни қызметкер, діни ұстаз» (Мамырбекова, 2017: 48).

М. Исахан Ахун сөзінің этимологиясына үңіледі: «Қазіргі парсы тілінде «ахун» сөзі «жарық, ойық, тесік» деген ұғымдарды білдіреді. Бірақ біз қаузап отырған діни лауазымды білдіретін «ахун» сөзіне «жарық, ойық, тесік» ұғымдарының мүлде қатысы жоқ. Әсілі, «ахун» сөзі парсы тілінде «хунд» және «хауэнд» сөздерінен шыққан. «Хунд» сөзі «оқыды», «талдалы», ал «хауэнд» сөзі «ұстаз», «мырза» мағыналарын береді. «Хунд» және «хауанд» сөзінің алдындағы «а» (а-хунд) әрпі «аға» немесе «күрметті» мәртебесін білдіреді (Исахан, 2021: 48). Яғни, «ахун» оқымысты, зерттеуші, ұстаз, мырза, гұлама мағыналарға жуықтайды (Восканян, 1986: 28).

«Ахун» сөзі арнайы діни лауазым ретінде алғаш рет Шағатай ұлысын Әмір Темір билеген тұста пайда болды. Мысалы, сол кезеңде өзінің асқан діни білімінің арқасында Герат қаласындағы үш медресені қатарынан бір уақытта басқарған Мәулана Фасихуддин Низамиге «ахун» лауазымы берілген еді. Ал Сафефиддер дәуірінде ахун деп Иранда хикмет (сопылық) ілімімен шұғылданған шейхтерді атайтын. Айталық, атақты сопы Мулла Садра-йи Ширазиді жұрт ахун деп атаған болатын.

XIX ғасырдан бастап мұсылман қауымы сопылықтан өзге дін ғұламаларында «ахун-молда»

деп қатар атайтын болды. Атақты Абдулкәрім Әрибаниді көпшілік «ахун-молда» дейтін. Дін ғұламаларын «ахун» деп атау үрдісі ХХ ғасырдың басына дейін жалғасты. Мысалы, ХХ ғасырдың бас кезінде өмір сүрген атақты фикһ ғұламасы Мұхаммед Казим-и Қорасаниді халық «Ахун Қорасани» деуші еді.

ХХ ғасырдағы халықаралық саясатта дін мәртебесінің төмендеуінен діни лауазымдардың да құны түскені көпшілікке белгілі. Осыған байланысты жұртшылық оқымысты дін ғұламаларын ғана емес, жай дінді ұстанған адамдарды да «ахун» деп атай беретін. Сондай-ақ, Иран Ислам Республикасы құрылғаннан кейін (1979 ж.) жаңа діни реформаларға қарсы шыққан ескі көзқарастағы (кадимшілер) ғұламалардың қозғалысына «ахундизм» атауы берілді. Парсы мәдениетінің ықпалының нәтижесінде «ахун» титулы Мәуераннахр мен Түркістан аумағында да діни лауазым ретінде қолданылды. Тіпті Еділ бойындағы татар башқұрт мұсылмандары және Шығыс Түркістандағы ұйғыр мұсылмандары арасында да «ахун» мәртебесіндегі дін адамдары өмір сүрді» (Сманов, Исахан, 2021: 185).

Демек, Ахундар ел арасында беделді, діни білімі жетік арнайы маман ретінде танылған, халық арасында танымал жан иелері болған. Олардың діни білімділігінің тереңдігі салалануымен (дифференциациялануымен) де ерекшеленеді. Сол тұтас діни білімнің өзіндік бағыттары мен бағдарларына сай ресми және жүйелі түрде білім алғандықтан, олардың білімі қазіргіше айтқанда, «кәсібиленген ислам ғалымдары». Өйткені, олар бірнеше жыл бойы тынбастан білім алған.

Мәселен: «Ахун» атауы Ресейге қарасты мұсылмандардың діни әкімшілік жүйесіндегі арнайы лауазым болса, Бұқар мен Хиуа хандықтарында медресе бітіріп шыққан түлектерге «ахун» мәртебесі беріліп отырды. Жалпы, Орталық Азияда көбінесе медреседегі тиісті пәндерді оқып, ақида мен фикһ және дағуат (уағызшы) мамандығын игерушілер «ахун» атағына ие болды. Ал ақида мен фикһ және дағуат мамандығымен қатар хикмет (сопылық) ілімін жан-жақты игерген түлектерге «ишан» атағы берілді» (Восканян, 1986: 184), - деген тұжырымдарда сол білімге лайық болғаннан соң, бітірген оқу орындары ахун немесе ишан деген атақтар беретін болған. Ол білімдердің қазіргі таңда «академиялық жұмыс жоспарлары», яғни, қандай пәндерді жүйелі түрде оқытқаны қазіргі таңда бізге анық емес. Әйтсе де, қалыптасып қалған түсінікте, оларға тек діни білімдер берген екен, басқа ғылым сала-

ларын оқытпаған деген сияқты ұғымдар қалыптасқан. Олардың осындай лауазымға дейін көтерілуі, алған біліміне байланысты, ал білім алу тұлғалардың таланты мен жігеріне, ұмтылысына тікелей қатысты. Сондықтан да, ахун, ишан деген атаулар жайдан-жай берілмеген. Қазіргіше айтқанда, арнайы диплом (шатырхат) арқылы рәсімделіп, кәуаландырылған. Р. Сманов пен М. Исахан оны келесі кезекте тарихи мәліметтерге сүйене отырып, былайша тиянақтап берді: «Екі атақ та кісінің туа бітті қабілет-қарымынан бұрын нақты медреседе оқып, игерген пәндеріне байланысты берілетін діни лауазым әрі мәртебе, Бұқара, Самархан, Тәшкент, Хиуа, Хорезм, Түркістан, Қарнақ, Уфа, Стамбул, Бағдат, Кайр медреселерінде оқып білім алып, ишан һәм ахун шатырхатын алған діни оқымыстылар еліне келіп, бірі мешіт-медресе ашып қызмет етсе, бірі қалын жұртқа қазылық жасап, дін бағып, Хақ жолында қал-қадерінше бейнеттеніп, елге еңбегін сіңірген. Бірі халқының арын күзетсе, бірі қоғамдық қатынасты шарифат нормаларымен реттеуде әділдіктің туын көтерген. Зерттеушілердің мойнында Қазақ даласындағы ишандар мен ахундардың діни қызметтері туралы тарихи құжаттардың негізінде зерттеп, тарихымыздың ішке бүккен сырларын паш ету міндеті тұр. Алдағы уақытта осы міндеттерді еңсеру аса маңызды болмақ (Сманов, Исахан, 2021: 184).

Жоғарыда ишан мен басқа да діни тұлғалардың сәйкес келетін жақтары мен айырмашылықтарын жіктеп көрсетуімізге орай, ишан мен ахунның арақатынасын да жүйелеп беруімізге болады.

Бірінші нұсқа бойынша екі ұғым бір-бірімен синонимдес, тіпті нақты дәлме-дәл жуықтайды. Мәселен, Д.Н. Нұртазина жазбаларға үніліп, «Ишан баба Ахунд Шадман Ходжа Ишанов Нақшбандия орденіне жатқызылады деген пікірлерді келтіреді» (Нуртазина, 2012: 28).

Немесе, осындай діни айтулы тұлғалардың барлығын Ишан атаумен берген пікірлерді келтіруімізге болады: «Батыста төрт белгілі ишан болыпты: Қуанай қазірет, Қарабура Жұмағали ахун, атақты табын Нұрпеке ишан және біздің атамыз Едіге ишан. Нұрпеке қазірет пен Едіге ишан діни оқуды алтын шатырхатпен (диплом) бітірген» (Едіге ишан, 2016: 18).

Екінші ұсыным бойынша, екеуі діни лауазым және олардың атқаратын қызметтері де бірдей болғанмен, лингвистикалық аталуы жағынан, аймақтық ерекшеліктерге байланысты, діни танымының өзгешеліктері мен қызметтеріне де қатысты алғанда, тура сәйкес бола алмайды, ма-

ғыналас және басқа да діни лауазымдылардан өзіндік айырмашылықтары бар. Т. Дәрменов: «Діни тәрбиедегі ұстаздары Ақмырза ахун мен Мұхаммеди ишан. Ақмырза ахунның деңгейі туралы жоғарыда айтып кеткен болсақ, Мұхаммеди ишан туралы мына бір деректі айтуға болады», -десе, келесі бір баяндауларында: «Бірі ахун, екіншісі ишан болған екі бірдей ғұламаның мектебінен өткен Орман өте білімді молда болып қалыптасты. Оның айқын дәлелі, Орман молда құранды оқып отырып, оны қазақшаға еркін аударып отыратын деңгейге жеткен» екендігін атап өтеді (Дәрменов, 2016: 10).

Үшіншісі, кей сәттерде, тылсым ғажайып күш иелері ретінде олардың барлығын жалпы қазақи танымда көпшілік бір түсінік ретінде де пайымдаған: «Аруақты бақсы, қара дүкен ұстаған шебер ұста, он саусағынан өнер төгілген зергер, әулие, киелі тылсым күштеріне ие болған Жәлен ата 1983 жылы жетпіс тоғыз жасында қайты болды» (Дәрменов, 2016: 152).

Ендеше ишандар мен ахундардың негізгі ерекшеліктеріне тоқталып өтеміз.

1. Алдымен, жетік діни білім алған адамдар, олардың білімдері негізінен алғанда діни білім болып қабылданады. Бірақ қазіргіше айтқанда, арнаулы курстар емес, бірнеше жылдарға созылған, мерзімдері де әр түрлі көрсетіледі, шамамен 3-10 жыл аралығы. А.Смайылұлы: «Садық жіті жыл оқып, ұстазының мектебін тәмамдағаннан кейін: «Енді қайда барып оқуға кеңес бересіз?» деп сұрағанда, «бұдан жоғары білім іздесең Ораз ахунға барасың» депті. Содан соң Садық ахун Ораз Мұхаммед мешітіне келіп, екі жыл оқып барып, сол кісінің жолдамасымен «Көкілташ» медресесінің дәрігерлік бөлімін үздік бітіріп келіп, халыққа көп қызмет еткен. Ораз Мұхаммед бабамыздың Алла Тағала берген ерекше хикметінің бірі «ақшапандылар» деген болған. Бұл ахунға бала күннен жолдас болған мәлейкә періштелер – ақ сәлделі ақ шапанды, ақ таяғы бар адам формасында бейсенбі, жұма сайын қатынап тұрады екен», -деп қортындыласа (Смайылұлы, 2007: 3), Т. Дәрменов оны кеңірек қарастырады: «Әке тәрбиесінен кейін Смағұл, Бұхарадағы Көкілташ медресесінде он жыл оқып, ахундық дәрежемен елге оралды. Медресе қабырғасындағы білім сатыларын үздік бітірген Смағұл араб, парсы және шағатай тілдерін де еркін меңгеріп шықты» (Дәрменов, 2016: 63).

Көріп отырғанымыздай олардың білімі барынша кең және жан-жақты, әсіресе, шығыстық

ділге бет бұрғандықтан, тілдерін де еркін меңгергендігі байқалады.

2. Қоғамдық көпшілік санада арнайы беделге ие болған, әлеуметтік мәртебелері де қазіргі тілмен айтқанда, «ұлт зиялылары» тәрізді. Бірақ олар билігі немесе дәулеті арқылы емес, руханилығы арқылы қазақ элиталары болған деуімізге де болады. Олар тек ағарту мен діни білім алумен ғана шектеліп қойған жоқ, көпқызметті тұлғаларға айналды. Оны келесі бөлімде толығырақ талқылап өтетін боламыз. Басқа да діни лауазымды тұлғалар арасындағы қоғамдағы әлеуметтік мәртебесі туралы тоқталып өтетін болсақ, оны анықтау қиындықтар келтіреді, өйткені, ол біріншіден, тарихи дәуірге байланысты атауларға тәуелді, екіншіден, бәрін діни тұлғалар деп жалпылама атаумен берсек те, атқарған қызметтері де әркілі, үшіншіден, қоғамдық санада оларды ажыратып жоғары-төмендік деңгейге қойған арнайы ресми жіктеулер болмаған (мүмкін болса да, бізге жетпеген деректерде), төртіншіден, біздің ұсынған бұнай иерархиямыздың өзі шартты болып табылмақ.

Кей түсіндірмелерде ахун өте жоғары діни лауазым екендігі айтылады: «Ең алдымен ахун дәрежесінің салмағына тоқталып өтелік. Ертеден жеткен «қырық молданың қасиеті бір мақсұмнан, ал қырық мақсұмның ілімі бір ахунның бойынан табылған» деген сөз діни лауазым иелерінің ағартушылық саладағы орнын айқындап тұр» (Жетпіспай, 2022: 5).

Сондай-ақ, кейде ахундар мүфтиден төменірек, молдалардан жоғарырақ қызмет атқаратын болған: «XIX ғасырда ахундар указной молдалардың үстінен қарайтын, мүфтилік пен ауыл молдалары арасындағы дәнекерші қызметін атқарған діни лауазым болды» (Дулатов, 2003: 203).

«Әрі медресе емтихандарын толық тапсырған, елге оралып медресе ұстаған, бала оқытқан бітірушілер ғана ахун атағын алған. Хандар мен сұлтандар ұлдарынан, сайланғалы жатқан, имам, молда мүфтилерден емтихан алу ахундар құзырында болды. Тіпті мүфтидің шығарған үкімін ахун бекітетін болған. Ханның ұсынысы бойынша Бөкей ордасында ахун қызметі тағайындалды. Қазан губерниясынан келген Забир Хаметов деген молда осы жерде 20 жыл ахундық қызмет ақарған» (Ибадуллаева, 2008:5), - деген мәлімдемелерден ахундардың лауазымы жоғары, тіпті мүфтилердің үкімдерін де қайтадан қарап, саралайтындай дәрежеде көрсетеді.



## Қорытынды

Жоғарыда келтірілген мәліметтер мен талдауларымызға байланысты ахун мен ишанға өз түсіндірмелерімізді былайша тұжырымдаймыз: «Ахун (ахундар) дегеніміз – ислам діні негізіндегі жоғарғы деңгейлі білім алып, ресми әлеуметтік мәртебеге ие болған көпқызметті тарихи-мәдени эволюциядағы руханиланған тұлға».

«Ишандар дегеніміз – діни мұсылмандық білім алған діни қауымдастықтағы арнайы институт ретінде қалыптасқан, ағартушылықпен шұғылданатын және тылсым күштерге де ие болған жан иесі».

Көріп отырғанымыздай, бұл біз ұсынған жалпылама анықтамалар, сайып келгенде, олардың әлеуметтік қызметтері мен тұлғалық болмысының ерекшеліктерін, өзіндік сапаларын ашып алуды қажет етеді. Сондықтан, келесі бөліде Ахун мен Ишандардың қоғамдағы қызметі мен болмысы туралы зерделейтін боламыз.

Ахундармен Ишандар басқада ислам дініндегі тұлғалармен мәртебелі деңгейдегі адамдармен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері болды. Ол алған білімі, қазақ қоғамындағы атқарған қызметі ағартушылық істері арқылы прогресивті роль атқарған субектілер болып табылады.

Ахундар мен Ишандар оған берілген анықтамалармен, түсініктемелердің әртүрлілігіне қарамастан мынадай ортақ белгілерді қамтиды: ислам дінін ұстанады, оны уағыздайды белгілі білім қорларын жинақтайды, оны пайдаланып өз қызметтерін атқарады, аталған статуска ие болады және халық арасында беделді болып келеді.

Ахундар мен ишандар атауы қазақ даласында ХҮІІ ғасырлардан бастау алған ХҮІІІ, ХІХ ғасырларда күшейе түсіп ХХ ғасырдың басында кеңес үкіметі саясатының дін иелерін қудалауына байланысты жойылып кеткен деуімізге де болады.

## Әдебиеттер

- Восканян Г.А. (1986) Русско-персидский словарь. – Москва: Русский язык. – 832.
- Дәрменов Т. (2016) Ишандар өткен ғұлама, Хабар берген Алладан. – Қызылорда. – 200.
- Диалектологиялық сөздік (2007) Диалектологиялық сөздік. – Алматы: Арыс. – 800.
- Дулатов М. (2003) Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мектеп. II том. – 392.
- Едіге ишан (2016) Орал өңірі. – Алматы: Қазақ университеті. – 18-19.
- Еңсегенұлы Т. (2018) Авеста – Тәңірлік діннің негізі, қазақ әдебиеті мен философиясының архетиптері: Монография. Тоғызынша том. – Алматы: Тоғанай. – 456.
- Жетпіспай Ж. (2022) Ахундар мұрасына адалдық//Егемен Қазақстан. – 5.
- Ибадуллаева З. (2008) Ишандар//Егемен Қазақстан.-11 қазан, 2008. – 5.
- Исахан М. (2021) Ахун деген қандай лауазым? <https://kazislam.kz/ahun-qandaj-lauazym/> (Қаралған уақыты: 14.06.2021)
- Қазақстан: ұлттық энциклопедия (2001) бас ред. Ә. Нысанбаев; ред. алқасы: Т. Б. Рсаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 1-том. – 720.
- Мамырбекова Г. (2017) Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. – 656.
- Мансұров Н.Б. (2013) Қазақ тіліндегі діни терминдер сөздігі. – Астана. – 100.
- Мансұров Н.Б. (2016) Ишан сөзінің мағыналық сыр-сипаты//Қазақ білім Академиясының баяндамалары. №4. – 213-217.
- Нуртазина Д.Н. (2012) Ишаны Туркестанского края// ҚазҰУ Хабаршысы. -№1 (64).-2012. – 26-29.
- Оңдасынов Н.Д. (1974) Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Қазақстан. – 384.
- Смайұлұлы А. (2007) Ахундардың ұстазы Ораз Мұхаммед//Сыр бойы. – 32.
- Сманов Р., Исахан М. (2021) «ИШАН» және «АХУН» діни лауазымы мен мәртебесінің шығу тегі, ұғымы, сипаттама-сы//Ұлттық рухани тұтастықты дамытудағы діни білім берудің маңызы: – Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы. – 304.
- Энциклопедия (2017b) Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. – Алматы: ТОО әлем Даму Интеграция. 1 том. – 465-466.
- Энциклопедия (2017a) Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. – Алматы: ТОО әлем Даму Интеграция. 3 том. – 607-608.

## References

- Darmenov T. (2016) Ishandar ötken ғұлама, Хабар берген Alladan [Ishans are the wise man, from the One who has given the message]. – Kyzylorda. – 200. (in Kazakh)
- Diialektologiyalyk sözдіk (2007) Diialektologiyalyk sözдіk [Dialectological dictionary]. – Almaty: Arys. – 800. (in Kazakh)
- Dulatov M. (2003) Bes tomдық shyғarmalar zhinary [Five-volume collection of works]. – Almaty: Mektep. Vol. II. – 392. (in Kazakh)

- Edige ishan (2016) Oral oniri [The Ural region]. – Almaty: Qazaq universiteti. – 18-19. (in Kazakh)
- Encyclopedia (2017a) Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. – Almaty: LLP Alem Damu Integration. Vol. 3. – 607-608.
- Encyclopedia (2017b) Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. – Almaty: LLP Alem Damu Integration. Vol. 1. – 465-466.
- Еңсегенұлы Т. (2018) Авеста – Тәңірлік диннің негізі, қазақ әдебиеті мен философиясының архетиптері: Монография. Тоғызыншы том [Avesta – The basis of the divine religion, archetypes of Kazakh literature and philosophy: Monograph. Vol. 9]. – Almaty: Toranaj. – 456. (in Kazakh)
- Ibadullaeva Z. (2008) Ishandar//Egemen Қазақстан [Ishandar//Egemen Kazakhstan]. – 5. (in Kazakh)
- Isakhan M. (2021) Ahun degen қандай лауазым? [What is the title of akhun?] <https://kazislam.kz/ahun- qandaj-lauazym/> (Accessed: 14.06.2021) (in Kazakh)
- Kazakhstan: National Encyclopedia (2001) Қазақстан: ұлттық энциклопедия [Kazakhstan: National Encyclopedia, editor-in-chief A. Nysanbayev; editorial board: T. B. Rsayev] – Almaty: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 5- 89800-149-2 (мүк.) 1-том. – 720 б. (in Kazakh)
- Mamyrbekova G. (2017) Qazaq tilindegi arab, parsy sözderiniñ тысindirme södigi [Explanatory dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language]. – Almaty: Memleketтик тилди damyту институты. – 656. (in Kazakh)
- Mansyrov N.B. (2013) Qazaq tilindegi dini terminder sözdigi [Dictionary of religious terms in the Kazakh language]. – Astana. – 100. (in Kazakh)
- Mansyrov N.B. (2016) Ishan söziniñ мағыналық сыр-сипаты//Қазақ bilim Akademiyасының байандамалары [The semantic nature of the word Ishan//Reports of the Kazakh Academy of Education]. №4. – 213-217. (in Kazakh)
- Nurtazina D.N. (2012) Ishany Turkestanskogo kraя [Ishans of the Turkestan region]// ҚазҰУ Хабаршысы. №1 (64). – 26-29. (in Kazakh)
- Ondasynov N.D. (1974) Parsysha-qazaqsha тысindirme sözdik [Persian-Kazakh explanatory dictionary]. – Almaty: Qazaqstan. – 384. (in Kazakh)
- Qazaqtyng etnografiyalық kategoriyalar, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: Энциклопедия. – Almaty: TOO Әлем Damu Integraciya, 2017. -3Т.-607-608bb. (in Kazakh)
- Smajluly A. (2007) Ahundardyn ustazy Oraz Muhammed//Syr boiy [The teacher of the akhuns, Oraz Muhammad // Syr boiy]. – 32. (in Kazakh)
- Smanov R., Isahan M. (2021) «ISHAN» zhөne «AHUN» dini lauazymy men мәртеbesiniñ shyғу tegi, ұғымы, sipattamasy// Ұлттық рухани тытастықты дамытудағы dini bilim берудің маңызуы: – Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Almaty: «Нұр-Мұбарак» баспасы. – 304. (in Kazakh)
- Voskanyan, G.A. (1986) Russko-persidskij slovar' [Russian-Persian dictionary]. – Moskva: Ruskij yazyk. – 832. (in Russian)
- Zhetpispay Zh. (2022) Akhundar murasyна adaldyq [Loyalty to the heritage of the akhunds]//Egemen Kazakhstan. – 5. (in Kazakh)

**Авторлар туралы мәлімет:**

*Сманов Рахматулла (корреспондент автор) – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: dmatyrbaj@mail.ru).*

*Исахан Мұхан Баймұратұлы – PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Ислам ілімдері факультеті, Дінтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: alash\_ordabasy@mail.ru).*

*Жақсыбаева Анар – Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: muslimka12\_92@mail.ru).*

**Information about authors:**

*Smanov Rahmatulla (corresponding author) – PhD student at Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: dmatyrbaj@mail.ru).*

*Issakhan Mukhan Baimutaruly – PhD, Associate Professor of the Department of Religious Studies of the Faculty of Islamic Studies, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: alash\_ordabasy@mail.ru).*

*Zhaksybayeva Anar – PhD student at Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak (Almaty, Kazakhstan, e-mail: muslimka12\_92@mail.ru).*

**Сведения об авторах:**

*Сманов Рахматулла (автор корреспондент) – PhD докторант Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: dmatyrbaj@mail.ru).*

*Исахан Мұхан Баймұратұлы – PhD, ассоциированный профессор кафедры религиоведения факультета исламских наук Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: alash\_ordabasy@mail.ru).*

*Жақсыбаева Анар – PhD докторант Египетского университета исламской культуры Нур-Мубарак (Алматы, Казахстан, e-mail: muslimka12\_92@mail.ru).*

Тіркелді: 24.07.2024  
Қабылданды: 19.12.2024